



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың су тасқыны салдарынан қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты үндеуі

Құрметті отандастар!

Бүгін мен еліміздің азаматтарына арнайы үндеуімді жолдап отырмын. Баршаңызға белгілі, қазір елімізде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Қардың күрт еруіне байланысты аймақтарда су тасқыны болып жатыр. Бұл – табиғи апат. Мұндай ахуал ұзақ жылдан бері болмаған. Бұл көлемі жағынан соңғы 80 жылдан бергі ең ірі табиғи апат деуге болады.

Су тасқынына байланысты еліміздің он аймағында төтенше жағдай жарияланды, яғни Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облыстарында.

Атқарушы органдар жіберген олқылықтарды түзеу үшін мен шұғыл түрде нақты тапсырмаларды бердім. Қазір барлық қажетті шаралар қабылданып жатыр. Үкімет қарғын судың салдарын жоюға бар күшін салады.

Премьер-Министрдің басшылығымен Республикалық штаб құрылды. Премьер-Министрдің өзі, оның орынбасарлары және Төтенше жағдайлар министрі апат болған аймақтарды аралап жүр. Барлық құтқару жұмыстары менің тікелей бақылауымда.

Су тасқынымен күресуге Төтенше жағдайлар министрлігінің барлық ресурсы тартылды. Сондай-ақ құтқару жұмыстарына Ішкі істер министрлігі, Ұлттық ұлан, Қарулы Күштер және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мамандары белсене атсалысып жатыр. Зардап шеккен аймақтардың әкімдіктері күндіз-түні жұмыс істеуде. Ондаған мың волонтер де көмектесіп жүр.



Жағдай өте күрделі болса да, біз қиындықты міндетті түрде еңсереміз, барлығын қалпына келтіреміз. Ең бастысы – азаматтардың аман-длығы.

Тасқын судан зардап шеккен азаматтарға айтарым, мемлекет бірде-

бір адамды ескерусіз қалдырмайды. Баршаңызға қаржылық және басқа да көмек беріледі. Материалдық шығындар толық өтеледі.

Біз апатта су тасқынынан тиісті қорытынды шығаруымыз керек. Яғни, жіберілген олқылықтарды түзетіп, тиісті сабақ алуымыз қажет. Ал ондай сабақтар аз емес.

Апаттардың алдын алу жұмысындағы кемшіліктен бастап, су шаруашылығы мамандарының ташы болуы, табиғатқа немқұрайлы қарауға дейін көп мәселені реттеу

қажет. Үкімет және жергілікті атқарушы органдар су тасқынымен күресті тиімді үйлестіріп отыруға тиіс. Су басқан аумақтарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету қажет.

Менің бұйрығыммен апатқа қарсы күреске Қорғаныс министрлігі қосымша әскери күштерін жолдайды. Халыққа көмектесу үшін Үкіметке мемлекеттік материалдық резервті пайдалануды тапсырамын. Сондай-ақ Үкімет шығындарды өтеудің тиімді жолдарын шұғыл қарастыруға тиіс. Оны зардап шеккен азаматтарға жан-жақты түсіндіру керек. Берілетін өтемақы шығынды толық жабуы қажет.

Жағдайы неғұрлым күрделі аймақтардағы жұмысты үйлестіру үшін Үкімет басшысының орынбасарларына аймақтарға шығуды тапсырамын. Олар ахуал түзелгенше сол жерде болады. Ақпараттық штаб азаматтарды мемлекет қабылдап жатқан барлық шаралар жөнінде үздіксіз және жан-жақты хабарлар етіп отыруға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдарына, белсенді азаматтарға және блогерлерге айтарым, жұртты дүрбеленге салатын жалған ақпараттарды таратпау қажет. Қазіргі уақытта билік пен қоғамды ұйыстыратын әрекеттер жасау аса маңызды. Азаматтарды тек қана ресми ақпарат көздеріне сүйенуге шақырамын.

Құтқарушыларға, тәртіп сақшыларына, волонтерлерге және апатпен күресуге атсалысып жатқан барша жұртқа алғысымды айтамын. Осындай қиын-қыстау кезде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару айрықша маңызды. Бір ел, бір халық болып жұмылып, бұл апатты еңсереміз. Бұл біздің қолымыздан келеді.

akorda.kz

IT-ТІЛШІ

ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ: БҮГІН, БОЛАШАҚ, БОЛЖАМ

Бұрын жасанды интеллект десе, баланың ісі санап, бейжай қарағандар көпті. Ғалымдардың өзі бұл бағытты бос әуре, айналасында әсіре айқай-шұу басым салаға телігенін білеміз. Әйткенмен соңғы жылдары салаға салынған инвестиция мен жасанды интеллект жүйесінің жетілуі тақырыпқа жаңа қырынан қарауға итермелеуде. Жаңа қыры былай тұрсын, сарапшылар дәл осы жасанды интеллекттің талай адамды жұмысыз қалдырып, көп саланың ақыры келетінін айтып отыр.

Әлеуметтік желіде жасанды интеллект салған фото-бейне онімдерді қызықтаған боларсыз. Адам қолымен жасалған дүниеден мысқал кем емес. Енді, міне, керек дерек пен мақала мәтінін әзірлейтін жасанды интеллект жүйелер пайда болды. Яғни болашақта адамның ой, физикалық еңбегін талап ететін сала азаятын секілді.

Осы орайда «Ақмешіт апталығы» газеті экспериментке көшпек. Редакция басылым бетінен жасанды интеллектке орын беріп, журналистік қабілетін сынап көруді шешті. Осы мақсатта «wordify» жүйесіне (жасанды интеллект) «Қазақстандағы электромобиль импорты мен болашағы» тақырыбында мақала әзірлеуді тапсырған едік. Мақаланы бірге оқып, оқырман!

Қазақстанда электромобильдер импорты жыл сайын өсіп келеді. 2020 жылы 900-ге жуық электромобиль импортталды, бұл алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай өсім.

Қазақстанда электромобильдерге сұраныстың өсуінің негізгі себептерінің бірі – жасыл энергетиканы дамытуға және атмосфераға зиянды заттар шығаруды азайтуға бағытталған тұрақты экономикалық саясат. Қазақстан мұнай мен табиғи газдың ірі өндірушісі, сондықтан электромобильдерді пайдалануға қошу қатты отын түрлеріне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Алайда Қазақстанда электромобильдерге деген қызығушылықтың артуымен бірге оларды пайдалану мен қолдауға байланысты проблемалар да бар. Негізгі мәселелердің бірі зарядтау станцияларының инфрақұрылымына байланысты. Қазіргі уақытта Қазақстанда зарядтау станциялары аз, бұл алыс сапарларда электромобильдерді пайдалануды қиындатады. Қазіргі уақытта елде 200-ге жуық зарядтау станциясы бар, бірақ олардың көпшілігі қалаларда орналасқан және бүкіл ел бойынша қамту жеткіліксіз.

Тағы бір мәселе – электромобильдер мен олардың бөлшектерінің қымбаттығы. Импортық автомобильдерге арналған жоғары бажа салығының әсерінен Қазақстанда электромобильдердің бағасы басқа елдерге қарағанда едәуір жоғары. Бұл электромобильдер сатылымын дамытпай отыр.

Сондай-ақ электромобиль саласын оқыту және техникалық қызмет көрсету мәселелері бар. Қазіргі уақытта Қазақстанда электромобильдерге жөндеу және қызмет көрсете алатын білікті мамандар жеткіліксіз. Бұл электромобиль иелері үшін кепілдік қызметі мен жөндеуді ұйымдастыруда қиындық туғызуы мүмкін.



Алайда осы мәселелерге қарамастан, Қазақстан Үкіметі электромобильдер нарығын дамыту үшін қадамдар жасауда. Электромобильдерді сатып алуға, жаңа зарядтау станцияларын салуға және осы салада мамандарды оқытуға салықтық жеңілдіктер мен субсидияларды енгізу – осының бәрі Қазақстанның электромобильдерді елдің болашақ көлік секторының негізгі элементтерінің бірі ретінде қарастыратынын көрсетеді.

Қорытындылай келе, Қазақстанда электромобильдер импорты белсенді даму сатысында тұр. Кейбір қиындықтарға қарамастан, Үкімет пен бизнес қауымдастығы елдегі электромобиль саласына қолдау жасауға тырысады. Зарядтау станцияларының инфрақұрылымын арттыру, электромобильдер бағасын төмендету және мамандарды оқыту – Қазақстанда электромобиль нарығын дамыту жолындағы маңызды қадамдар.

Фото мен мақала авторы:
жасанды интеллект МӘТІНБЕК



Қаламыздағы №10
Ы.Алтынсарин атындағы
мектеп-лицейінің 10
«Ә» сынып оқушысы
Ы. Гүлжауһар Сайлауованың
биогумус өндіру жобасымен
айналысып келе жатқанына
бір жыл болды. Тіпті түрлі
жарыстарға қатысып,
жүлделі орындар иеленіп
келеді. Оның арманы –
биолог болу.

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ ТҮҢАЙТҚЫШ ДАЙЫНДАУДА 2-БЕТТЕ



Болат НҰРХОЖАЕВ, қоғам белсендісі: ҚЫЗЫЛОРДАНЫ 5-6 ЖЫЛДА ЖАСЫЛ ҚАЛА ЕТУГЕ БОЛАДЫ

2-БЕТТЕ

Таң сірлеп атқаннан білек сыбанып еңбек етуге жұмылатын бірлігі бекем, тірлігі тындырымды ауыл бар. Ерте қылған тірлікте береке бар. Берекесі бар елді несібе мен рызык өзі іздеп табады. Қала іргесіндегі 72 жылдық тарихы бар Абай ауылы еңбексүйгіш тұрғындар мекені екенін дәлелдеп тұрғандай. Елді мекенге табан тірегенше жол бойында құлынды бие, сиыр, жылқылар ауылдың берекесін кіргізіп, көкке тояттап жайылып жүр. «Маңдының беті жарық...» деп Абай атамыз айтқандай, тап-тұйнақтай ауылда береке

бары сезіледі. Оның үстіне елдің бағына орай, жайылым да жетерлік. Ең бастысы абайлықтардың көпшілігі қарапайым еңбектен қашпай, жалқаулық пен бойкүйездікті бойдан сілкіп тастап, нәпақасын адал еңбек, маңдай термен тауып жүрген, еңбекпен есейіп, еңсе тіктегендер. Алақандай ауылда үйдің іргетасын қалап, бетон құюшылар, газ құбырын жүргізушілер бригадасы, мал өсіріп, бордақылаушылар, түрлі кәсіптің түрін меңгергендер бар.

ЕҢБЕККЕ ЖҰМЫЛҒАН АУЫЛ

Ауылдың кішкентай тұрғыны 9 жасар Әбу Мейірбекұлы еңбекпен шынығып келеді. Әбу кішкентайынан әкесіне қолғанат болып, үйдегі шаруаның бірталайын өзі-ақ тындырады. Сабақтан келген бойда қорадағы малға шөп салып, жем-суын беруді әдетке айналдырған. Ойын баласы болса да бұл жауапкершіліктен жалтарған емес.

– Қорадағы малға өзін қараймын. Бұл бір қиын шаруа емес. Әкем үйде жоқ болғанда орнын жоқтатпай, тіршілікті істеймін. Жем беремін, суарамын. Өзімнің тайым бар. Оны мінім, бас білдіремін. Бәйгеге шабармын. Жылқыма «Қаракөз» деген ат қояр едім. «Ақтанау», «Қаракөз» деген сиырларым бар, – дейді жеткіншек.

«Ал, Әбужан, тайға шапқаныңды көрейік» деп оны жайдақ тайға мінгіздік. Жұлқынып тұрған тайды оңай тақымдаған балақай көкке шашытып, түрлі шалт қимыл жасап, бізді еліктіріп әкетті. 5 жасынан тайға шапқан балаға асау тайды бас білдіру қиын шаруа емес екен. Бойында бұла күші бұлқынып тұрған жеткіншекке «тіл-көзіміз тасқа» деумен тұрдық. Міне, таза еңбектің нәтижесі.

Ауылдағы кәсіптің кілтін тапқан жанның бірі – Бекзат Әшірбеков. Жас болса да, ісіне мығым Бекзат осы ауылдың тумасы. Жастайынан малсақ боп өскен Бекзат мал шаруашылығымен айналысуды жөн көріпті. Әрине, оңай шаруа емес. Бейнеті ауыр, ертелі кеш тыным таптырмайтын, демалуға мүмкіндік бермейтін қиын жұмыс. Алайда таза ниетпен кіріскен соң Бекзат бұл шаруаның да ебін тауып, өз кәсібін көркейтті. Оның үстіне жұбайы Ақеркенің де бейнетке бірталай жақындағаны бар. Үйдегі тірлікті дөңгелетіп, жұбайының қас-қабағына қарап, 3 перзентін тәрбиелеп, өңге көрсетіп жүрген келіндердің бірі.

– Еңбек еткенге бақыт басын иеді. Қазіргідей заманда тірлік етпей қарап отыруға болмайды. Тырбанған адамға нан табудың жолы көп. Ерте көктемнен көп іске қамданып, мал басын көбейтуге, жем-шөптің мол қорын жасауға дайындаламыз. Күннің жыт еткені – шаруалар үшін қолайлы сәт. Қора-қопсымызды бүгінде, екі оямыз. Ірі қараның да, уақ малдың да саулығына ден қойып, мал дәрігеріне жүгінеміз. Бүгінде 100 бас жылқы, 400 бас қойым, 125 аналық сиырым, 100 бастай ешкім бар. 1000 гектар жайылымдық жерді 5 жылға жалға алып отырмын. Мұнымен шектелмей көлік жуатын орын да ашып қойдым. Қарамағымда ауылдың екі жігіті жұмыс істейді. Ауылдағы қайырымдылық шараға атсалысып тұрамын. Туған жердің төл перзенті болған соң бұл қолғабысты орынды деп ойлаймын. Әкем Токтамыс Әшірбеков пен анам Гүлжахан Әбсадықованың да кәсібімің өркен жайып, дамуына еңбегі зор. Олар – ақылшы қамқоршыларым. Адал еңбекке жастай баулығаны үшін, өмірден өз орынды адаспай табуыма көмектесіп, бағыт бергені үшін ата-анам басымды иіп, алғыс айтамын, – дейді кәсіпкер.

Қазыналы ауылдың атын шығарып жүрген бетон құюшы бір топ жігіттер бар. Олардың қолынан шыққан үйлердің іргетасы мықты екендігін айтып, ел сүйсінуде. Алғашында кәсіпті ауылда бастаған епті азаматтар бүгінде қала, аудан, ауылдардағы елдің сұранысына ие болуда. Көктем шыға тапсырыс көбейе түседі екен. Шынында, бұл адамды шынықтыратын нағыз еңбек. Мұндайда шыдамдылық пен төзімділік керек. Ал бұл жігіттер өте қайратты. Отбасыларын адал еңбектің нәтижесін асырап отыр.

– 2015 жылы ауылмыздың баласы Абзал бетон құюды үйреніп келген еді. Біз содан үйрендік. Мемлекеттен ешқандай көмек алған жоқпыз. Көктемде малымызды сатып, жетпегенін несие алып бастадық. Ауылда көптеген үйдің іргетасын қаладық. Қазір барлық аудан, қала бойынша жұмыс істейміз.

Тапсырыс алсақ, кез келген ауылға барамыз. Бір топ жігіт қазір Қармақшы, Шнелі, Жанакорғанда жүр. Сапалы, тиянақты жұмыс істегендіктен тұтынушыларымыз да көп. Қарамағымда 4 бригада бар. Аптасына 15 үйдің іргетасын қалаймыз. Еңбекқақымызды үйдің көлеміне қарай аламыз, – дейді бетон құюшылар бригадирі Ерболат Усаев.

Жәнібек Әдірәсіл, ауыл тұрғыны:

– Күн жылығаннан бастап үйдің іргетасын қалауға кіресіміз. Қазір қалада да, аудан мен ауылдарда құрылыс көп салынууда. Зәулім үйлердің іргесін берік, сапалы етіп тұрғызуға күш жұмсаймыз. Үйдің негізгі бөлігі мықты болса, баспана да ұзақ уақытқа шыдас береді. Күннің ыстық-суығына қарамай, ала жаздай құрылыс басында жүреміз. Өз еңбегімен тапқан табысқа не жетсін? «Еңбектің наны тәтті» деген бар ғой, – дейді күлімісірп.

Ал ауыл азаматы Марат Омаров болса бір топ ауылдастарымен газ құбырын тартудың қыр-сырын үйреніп, сол кәсіпке маманданып, тіпті өзге өңірлерге барып еңбек етуде.

– Бұл кәсіпті 2021 жылы бастадым. Сарыарқа газ құбыры жүйесі тартылды ғой. 2021 жылы Жезқазған қаласына бірінші газ барды. Сол кезде осы өз ауылымыздың жігіттерін ұйымдастырдым. Арасында монтаждаушы, дәнекерлеуші бар «Асыл сервис» ЖШС мекемесін ашып, Жезқазған қаласына барып жұмыс істеп, 70 үйге «көгілдір отын» кіргіздік. Ол жерде де таныла бастадық. Сол өңірдегі «Қазгазтран» аймағымен келісімшартқа отырып, былтыр 200-ге жуық үйге газ тарттық. Әлі де біздің жігіттер сол жақта жұмыс істеуде. Жазда 4 бригадаға дейін көбейеміз. Қазір бригадада 6-7 адам болса, жазғы уақытта 10 адамға дейін жұмысқа тартамыз. Керек-жарак заттарын, пешіні тұрғындар өздері сатып алады. Біз тек монтаждап, үйге құбыр тартып, пешіні қосып береміз, – дейді ауыл азаматы.

Әдетте, қай ауылға барсақ та бұл жерден қандай текті ұрпақ өсіп-өнгенін білуге, оны көпшілікке жария етуге құлшынып тұрамыз. Себебі кейінгі толқын өткен тарихты біліп, туған жерін тұмарлаған текті жандарды танысын деген ниетіміз бар. Сол үшін өткен тарихты тірілту бүгінгі ұрпаққа парыз саналмақ.

Абай атындағы ауылды сөз еткенде ондағы еңбек адамын атайып өту мүмкін емес. Егін шаруашылығында жоғарғы көрсеткішке жеткен диқаннар, механизаторлар баршылық. Олардың қатарында 10000 центнер астық бастырып екі мәрте одақтық көрмені жеңіл көлігін жеңіп алған Әлайдар Ысқаковты ерекше атауға болады. Темірбек Әбуов, Төрехан Төлегенов, Айдар Омаров, Қарымасак Батырбеков, Яқудә Исқаков, Бақытбек Шайкемелов, Жайман Пірмағамбетов, Қабылда Бимекенов секілді механизаторлар ел ырысына үлес қосқан азаматтар. Осы ауылдан түлеп ұшқан облыстық дәрежедегі қайраткер Жүсіп Бисариев, Еңбек Ері Оразбай Әбінов, министрлер Мүсілім Базарбаев, Ибрагим Еділбаев, ғалымдар Ә. Жаманқұлов, Төтай Тұрлығұлов, белгілі диқан, ауыл шауашылығы саласының білікті қайраткері Досан Елеусіновтерді өмірге әкелген қасиетті мекен.

«Абай ауылының киелі топырағы қабырғалы қаламгер, арқалы ақын, дарынды драматург, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Иранбек Оразбаевқа, белгілі ақын-композитор, ардагер-ұстаз Ділдәхан Торғаеваға өмір сыйлаған кәсірлі ауыл. Қала іргесіндегі ауыл осыншама текті жандарға алтын бесік болғанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін» дейді ауыл әкімі Сейдуали Әбдіқадыров.

Өткенге оралып сабақ алмай, болашаққа бағдар жасау ұрпақ сабақтастығын бағалауға алып келеді. Сондықтан бүгін рухани алтын сандықтың көмбесін ашып, ауылда кезінде еселі еңбек еткен қайраткерлердің де атын атап, қазіргі жас ұрпақтың еңбегіне шолу жасалды. Ғасыр бедеріндегі жылдарда шежірелі тарихқа куә болған ауыл өркендеп, өсе берсін! Себебі ауыл – ел бесігі, өркенің өлшемі, жылдар жемісі екенін ұмытпауымыз керек. Мұнда аға ұрпақ еңбекпен есейсе, кейінгі ұрпақ сол дәстүрдің ізін жалғауда.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Меншік ісін:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікір редакция қозғарымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру несіннің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2901 Тапсырыс №551

Нөмірдің кезекші редакторы Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА